ҚАЗТЕМІРТРАНС

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП • ГОДОВОЙ ОТЧЕТ



2009

*Искусство транспортной логистики*



# МАЗМҰНЫ

«ҚТТ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ . . . . . 2

«ҚТТ» АҚ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АЛҒЫ СӨЗІ . . . . . 4

1. ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІ МЕН КОМПАНИЯНЫҢ КӨЛІК СЕКТОРЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РӨЛІ . . . . . 7

2. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР . . . . . 11
- Қысқаша тарихы
- Компанияның міндеті
- Негізгі қызмет түрлері
- Компанияның басқару құрылымы
- Еншілес, тәуелді ұйымдар, өкілдіктер
- Компанияның филиалдар желісі
- «Көліктік қызмет көрсету орталығы» АҚ
- ІТ-технологиялар

3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ . . . . . 21
- Компаниядағы корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары
- Компаниядағы корпоративтік басқарудың негізгі мақсаттары
- Директорлар кеңесінің қызметі
- Компанияның басқару органдарының құрылымы
- Директорлар кеңесінің құрамы
- Басқарма құрамы

4. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ . . . . . 27

5. НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР . . . . . 37
- Жүк вагоны паркімен тасымалдауларды қамтамасыз ету
- Вагондар паркін техникалық дұрыс жұмыс істеу күйінде ұстау
- Жүк вагондар паркін жаңарту
- Инновациялық қызметті дамыту

6. ҚАРЖЫ–ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР
- Қаржы қызметінің нәтижесі
- Активтер, меншікті капитал
- Корпоративтік қарыздар
- Инвестициялық қызмет
- Қаржылық есептілік

7. АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ . . . . . 51

8. МЕКЕНЖАЙЛАР МЕН БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ . . . . . 54



# «Қазтеміртранс» АҚ Директорлар Кеңесі төрағасының алғы сөзі

**Құрметті акционерлер мен әріптестер!**

Үш нәрсе елді қуатты әрі бай етеді – құнарлы жер, шеберлердің өнімді жұмысы және адамдар мен заттардың бір жерден екінші жерге оңай көшуі. Бұл пікірдің авторы ағылшын философы, тарихшы, саяси қайраткер және эмпиризмнің негізін қалаушы Френсис Бэкон талай ғасырлар өтсе де, өз сөздерінің мәнісі жоғалмайды деп ойламаған болуы керек. Сол кездері де, қазіргі уақытта да көлік жүйесінің сенімді жұмысына экономиканың барлық салаларының қарқынды жұмысы тәуелді.

Экономикалық байланыстар интеграциясы, жаһандану процессінің белең алуы және елдер арасындағы тауар айналымының өсуіне байланысты темір жолдық жүк тасымалдарына талаптар арта түсуде. Сондықтан да, 2003 жылы темір жол саласын қайта құрылымдау аясында, Қазақстанда темір жолдық жүк тасымалдары саласында мамандандырылған кәсіпорын – «Казтеміртранс» акционерлік қоғамы құрылған болатын.

Бүгінгі таңда Компания еліміздің көлік потенциалын дамытуға ықпал ете отырып, нарықтың жаңа сегменттерін игеруде.

Өз жұмысында республиканың көлік-коммуникациялық кешенін дамыту басымдылықтарын, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың, ҚР Үкіметінің, Көлік және коммуникация министрлігінің қойған міндеттерін басшылыққа ала отырып, Компания көлік қызметтері нарығын дамыту, еліміздің тиімді транзиттік-көліктік потенциалын іске асыру, инновацияларды енгізу, темір жол саласының мықты кадрлық потенциалын қалыптастыру сияқты кең ауқымды міндеттерді шешуге белсене қатысуда.



Қазіргі уақытта «Қазтеміртранс» АҚ «1520 кеңістігінің» елдерінің ары қарай интеграциясына жағдай жасай отырып, шетелдік әріптестермен белсенді қызметтестік жасауда. Компания арсеналына жыл сайын отандық темір жол магистральдеріне қосымша транзиттік және ішкі жүк ағындарын тартуға ықпал ететін, ең прогрессивті жұмыс технологиялары қосылуда.

Осымен қатар, Компанияда ауқымы бойынша бұрын-соңды болмаған кадр біліктілігін арттыру жүйесі құрылған, бұл жүйеде әрбір қызметкер үздіксіз циклде өзінің кәсіби біліктілігін жетілдіру мүмкіндігіне ие болады.

Жүк тасымалдары нарығында жемісті еңбек етіп, кең ауқымда сапалы қызметтерді ұсына отырып, «ҚТ» АҚ Қазақстан темір жол саласындағы қуатты даму потенциалын көрсетеді, оны реформалаудың оң бағдарын, еліміздің көлік саласындағы міндеттер мен басымдылықтардың дұрыс қойылуын айқындайды.

**Құрметпен, Ермек Қизатов**
**«Қазтеміртранс» АҚ**
**Директорлар Кеңесінің Төрағасы**

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ**
**Вице–президенті**



# «Қазтеміртранс» АҚ Президентінің алғы сөзі

**Құрметті әріптестер мен клиенттер!**

2009 жыл көптеген отандық және әлемдік компаниялар үшін сынақ мерзімі болды. Күрделі қаржылық қиындықтарға дайын еместер – сәтсіздікке ұшырады, ал қиындықтарға төзе біліп, кемшіліктерді артықшылықтарға айналдыра білгендер төзімділік сынағынан сүрінбей өтті.

Әлемдік қаржылық дағдарыстың екпінді тегеуріне төтеп бергендердің арасында біздің Компаниямыз да бар.

Аталған кезеңде және жалпы 2003 жылдан бастап «Қазтеміртранс» Акционерлік қоғамы («Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ 100% еншілес компаниясы) қалыптасудың күрделі кезеңдерінен сәтті өтіп, ТМД көлік нарығында жетекші позицияға ие бола білді.

2009 жыл Компаниямен іске асырылатын көптеген жобалардың бастауы болды. Негізгі оқиғалардың ішінде келесілерді атап өтуге болады:

**Петропавлдық «ЗИКСТО» зауытымен** тауарларды, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуда қазақстандық құрам үлесін ұлғайту бойынша шаралар аясында отандық өндірістің жартылай вагондарын жеткізу жөніндегі **шартқа қол қою**. 2009 жылы «ҚТТ» АҚ ОТӨ-мен бекітілген шарттардың сомасын 25 млрд теңгеге жеткізіп, **сатып алынатын тауарлар мен қызметтер көлемінде қазақстандық құрамды екі есе ұлғайтқанын** атап өту қажет.

**Компанияны ақпараттандыру бойынша жобаларды іске қосу,** осы шаралардың аясында жүк вагондарының техникалық күйін басқарудың автоматтандырылған жүйесі мен IP-телефониясын енгізу басталды. IT және ресурстарды үнемдеуші технологияларды енгізу бойынша шаралар Компания қызметінің басым бағыттары ретінде айқындалған.

**Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ)** «Қазтеміртранс» АҚ жылжымалы құрамды сатып алуға 50 миллион АҚШ доллары мөлшерінде қарыз беру туралы мәселені шешу.

Жөндеу процесстерін автоматтандыру, жүк вагондары, олардың түйіндері мен бөлшектерін модернизациялау мен жөндеудің жаңа ресурстар үнемдеуші технологияларын қарастыру және енгізуге бағытталған, **Компанияның**



**инновациялық даму бағдарламасын іске асыруды бастау.**

«ҚТ» АҚ он екі аймақтық филиалына ISO сериясы халықаралық стандарттарына сәйкестікке **сапа саласында сертификаттар табыстау.**

**Халықаралық рейтингтік агенттіктерінің** ҚТ корпоративті кредиттік рейтингтерін растау. «Тұрақты» рейтингісінің болжамы.

**Компания активтерінің 228 млрд теңгеге дейін өсуі,** бұл 2008 жылмен салыстырғанда 17,4% жоғары.

Өз қызметінің алғашқы күндерінен бастап біздің акционерлік қоғамымыз қызмет сапалары мен стандарттарының әлемдік үлгілеріне ұмтылады, барлық жаңа әрі прогрессивті шешімдерді қолдануға, әлемде және елімізде болып жатқан өзгерістерге дер кезінде және сәйкес түрде әрекет етуге тырысады. «Қазтеміртранс» АҚ қызығушылық саласында тек жүк вагондарын жалға беру ғана емес, сонымен қатар, логистика, меншікті жылжымалы құраммен операциялар жасау, экспедиторлық қызметтер көрсету сияқты бағыттарды дамыту және де халықаралық деңгейге шығу, әлемдік көлік нарығында өз позицияларын бекіту - мұның барлығы таңдалған бағдардың дұрыстығының сөзсіз дәлелі болып табылады.

Көздеген мақсатқа жету үшін бізде қажеттінің бәрі бар, нақты әрі қолдан келетін мақсаттар, дамудың оңтайлы стратегиясы, темір жол көлігімен нарықтың жүк тасымалы қажеттілігін сапалы қамтамасыз ету арқылы республиканың көлік секторының тұрақты дамуына ықпал ету, ал ең бастысы – өз ісіне, өз мақсатына, өз Компаниясына жанымен берілген пікірлестердің ұжымы.

**Құрметпен,**
**«Қазтеміртранс» АҚ Президенті**
**Шағдарбек Жайсаңбаев**


Красный яр
Чаглинка
Зеренда
Жаксы
Борисовка
Атбасар
Мариновка
Новомариновка
Ладыженка
Жалманкурак
Шалгай
Шойындыколь




ҚАЗТЕМІРТРАНС

# Темір жол көлігі мен компанияның көлік секторында алатын орны мен рөлі



## Темір жол көлігі мен компанияның көлік секторында алатын орны мен рөлі

Көлік кешені – темір жол, автомобиль, әуе, құбыр, теңіз және өзен (су) түрлерін қамтитын экономика инфрақұрылымын қалыптастырушы салалардың бірі. Оның жағдайы республиканың халық шаруашылығының салалық кешендерінің (агроөнеркәсібі, отын-энергетикалық, кен-металлургиялық, құрылыс, т.б.) дамуына, экономика салаларының, өндіріс пен аумақтық кешен түрлерінің өзара байланысын қамтамасыз етуге тәуелді.

Қазақстанның көлік жүйесі қатты жабынды 84,141 мың км автожол, жалпы пайдаланыстағы 14,2 мың км темір жол, мұнай, газ, мұнай өнімдерін айдауға арналған 16,295 мың км құбыр магистралі, 4,054 мың км өзен жолы, жеті жүзден астам темір жол станциясы, он ірі порт, айлақтар, асу базалары, әуежайлар, т.б. жататын кешенді білдіреді.

Қазақстанның географиялық шарттары, аумақтың кеңдігі – батыстан шығысқа 3 000 км, солтүстіктен оңтүстікке 1 700 км, – автожол инфрақұрылымының дамымауы темір жол көлігінің ел экономикасындағы қызметін стратегиялық маңызды ретінде анықтайды және республиканың көлік-коммуникациялық кешенінде маңызды рөл атқарады.

ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне сәйкес 2009 жылы барлық көлік түрлерінің жүк айналымындағы темір жол көлігінің үлесі 57,9%; құбыр арқылы – 22%; автомобиль – 19,6%; теңіз – 0,47%, әуе – 0,02% және өзен – 0,01% құрады.

Негізінен, осындай қатынас Қазақстанның өнеркәсіп өндірісінің шикізат құрылымымен түсіндіріледі. Тасымалдауға берілетін негізгі тауар өнімі көмір, дән, мұнай, кен, минералдық тыңайтқыштар сияқты автомобиль көлігімен тасымалдау тиімсіз болатын сусымалы, құйылмалы жүктер болып табылады. Сондай-ақ автомобиль көлігінің жүк айналымын статистикалық есептеу және бағалау қиын болғандықтан, үлестерді бөлудегі кейбір дәлсіздіктерді есепке алу керек.

Темір жол көлігі жүктер мен жолаушыларды тасымалдаудың негізгі бөлігін орындай отырып, Қазақстанның негізгі көлік жүйесі болып табылады және көмір, темір, металлургия өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы өнімі сияқты массалық жүктерді тасымалдауда шынайы баламасы жоқ көлік болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы пайдаланылып отырған темір жол ұзындығы шамамен 14 205 километр, оның ішінде 4 802 километр екі жолды, 4 143 километр – электрифицирленген.

Есеп кезеңі ішінде жүк тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтер көлемі 247 677 мың тонна құрады, бұл 2008 жылғы деңгейден 21 213 мың тоннаға немесе 7,9% төмен.

Есеп кезеңі ішіндегі тарифтік нетто жүк айналымы 197 302 млн ткм болды, бұл 2008 жылғы көрсеткіштен 17 605 млн ткм немесе 8,2% төмен.

Бұл орайда, облысаралық (республикалық) алмасу 2009 жылы 2008 жылға қатысты жүк айналымы 7,8% кеміді.

Экспорт алмасу – 5%.

Импорт алмасу – 21,9%.

Транзиттік алмасу – 7,8%.

Облысаралық және экспорттық алмасудағы жүк тасымалдарының азаюына әлемдік және отандық нарықтардағы дағдарыс құбылыстарының әсерімен шартталған отандық металлургиялық, құрылыс және басқа да өнеркәсіп салалары өнімдеріне деген сұраныстың азаюы, өндірістің құлдырауы әсер етті.

КЗХ бойынша жүк тасымалдарының жалпы көлемі 2009 жылы 247,677 млн тонна құрады, оның ішінде 85,640 млн тонна – экспорттық алмасу,

### КӨЛІК ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖҮК АЙНАЛЫМЫНЫҢ ҮЛЕС САЛМАҒЫ

| Көлік | 2000 | 2001 | 2002 | 2003 | 2004 | 2005 | 2006 | 2007 | 2008 | 2009 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Теміржол | 60,4 | 60,2 | 57,3 | 57,2 | 57,8 | 58,0 | 58,2 | 57,3 | 59,9 | 57,9 |
| Автокөлік | 15,0 | 14,6 | 16,2 | 15,6 | 15,5 | 15,9 | 16,4 | 17,5 | 14,6 | 19,6 |
| Өзен | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,03 | 0,03 | 0,03 | 0,01 | 0,01 | 0,01 | 0,01 |
| Әуе | 0,06 | 0,02 | 0,02 | 0,04 | 0,02 | 0,03 | 0,02 | 0,03 | 0,02 | 0,02 |
| Құбырөткізгіш | 24,6 | 25,1 | 26,5 | 27,2 | 26,7 | 26,0 | 25,4 | 25,0 | 25,4 | 22,0 |
| Теңіз | - | - | - | - | - | - | - | 0,09 | 0,13 | 0,47 |
| **Көліктің барлық түрлері** | **100,0** | **100,0** | **100,0** | **100,0** | **100,0** | **100,0** | **100,0** | **100,0** | **100,0** | **100,0** |

131,456 млн тонна – облысаралық, 15,852 млн тонна – импорттық және 14,759 млн тонна – транзиттік.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық модернизациясының заманауи кезеңінде халықаралық ауқымды қамтып, көлік транзитін ұлттық көлік жүйесінің жетекші функцияларының бірі ретінде бөліп, темір жол көлігінің рөлі артуда.

Осыған байланысты ұлттық көлік-коммуникациялық кешенді дамыту саласында әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, сәйкесінше, Қазақстан аумағы арқылы тауарлар тасымалының өсуін ынталандыру республика үшін маңызды міндет болып табылады.

«Қазтеміртранс» АҚ «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 100% еншілес ұйымы болып табылып, Қазақстан Республикасындағы жүк вагондарының ең ірі операторы қызметін атқарады және республикадағы темір жол көлігі жүктері тасымалының 50% астамын өз вагондарымен қамтамасыз етеді.

Компания меншігінде түрлі типті әрі текті КЗХ инвентарлық паркінің 60 мың жүк вагонына ие бола, жүк жіберушілердің кез келген жүк түрлерін тасымалдауға деген қажеттілігін қанағаттандыра алады.

«Қазтеміртранс» АҚ клиенттерімен, серіктестерімен ұзақ мерзімді қатынастарда болу үшін жоғары әдеп және моральдық критерийлерді ұстанып, қызметін ашық және максималды мөлдір атқара отырып, қызметінің негізгі көрсеткіштерінің тиімді өсуіне ұмтылады.

Ірі өндіруші зауыттар, өндіруші компаниялар, шағын және орта бизнес кәсіпорындары темір жол көлігімен тасымалдау саласындағы Компанияның клиенттері болып табылады.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ЖҮК АЙНАЛЫМ ДИНАМИКАСЫ, МЛН Т–КМ




## ВАГОНДАРДЫҢ ТҮРІ БОЙЫНША ИНВЕНТАРЛЫҚ ПАРК ҚҰРЫЛЫМЫ, %




Пржевальское
Куланутпес
Кенжарык
Соналы
Жанбобек
Баршино
Талдысай
Бетбулак
Кызылжар
Теректы
Борсенгир
Каражал
Сатпаев
Жезказган
Шалгино
Мыйбулак
Аккенсе




ҚАЗТЕМІРТРАНС

# Компания туралы жалпы мәліметтер



# Компания туралы жалпы мәліметтер

| Толық атауы | | Қысқартылған |
|---|---|---|
| Мемлекеттік тілде | «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы | «ҚТ» АҚ |
| Орыс тілінде | Акционерное общество «Қазтеміртранс» | АО «ҚТ» |
| Ағылшын тілінде | Joint Stock Company «Kaztemirtrans» | JSC «KTT» |

## ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ПОШТАЛЫҚ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Д. Қонаев к-сі, 6, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ әкімшілік ғимараты , 5-қабат

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

21.10.2003ж. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен тіркелген.

Тіркеу № 14750-1901-АҚ

**Жарғылық капиталы** – 63 000 000 000 теңге

## НЕСИЕ РЕЙТИНГТЕРІ

«Standard & Poor's» халықаралық рейтинг агенттігі:

- халықаралық шкала бойынша – «BB+»
- ұлттық шкала бойынша – «kzAA -»
- болжам – «тұрақты»

«Moody's Investors Services» халықаралық рейтинг агенттігі:

- халықаралық шкала бойынша – «Ba1»
- болжам – «тұрақты»

## СЕРТИФИКАТТАРЫ:

ISO 9001:2008 сериялы стандарт сапасы менеджмент жүйесі

ISO 14001:2004 сериялы стандарт экологиялық менеджмент жүйесі

OHSAS 18001:2007 сериялы кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджмент жүйесі



## КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

| | |
|---|---|
| **2003 ж. қазан** | Қазақстан Республикасының темір жол көлігін реформалау нәтижесінде «Казжелдортранс» АҚ («Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ 100% еншілес ұйымы) құрылды. |
| **2004 ж. желтоқсан** | Тасымалдау қызметін бастау – келесідей жекелеген бағыттарда пилоттық жүк тасымалдары: Жаман–Ащы–Жаңа ауыл, Сарықұм–Жаңа ауыл. |
| **2005 ж. қаңтар** | «ҚазТеміржолмет» ЖШС еншілес кәсіпорнын құру. |
| **2005 ж. мамыр** | Тасымалдау қызметін кеңейту: келесідей алты бағыт бойынша жүк тасымалдау: Жаман–Ащы–Жаңа ауыл, Сарықұм–Жаңа ауыл, Қаражал–Қарағанөзек, Қаражал–Жаңа ауыл, Еңбекшілер–Жаңа ауыл, Суық–Бұлақ–Жаңа–Семей. |
| **2005 ж. маусым** | Ресей мен ТМД елдерінің аумағында жүк тасымалдау бойынша сервистік және экспедиторлық қызметтер көрсететін еншілес кәсіпорын – «Росказжелдортранс» ЖШҚ (Мәскеу қ., РФ) құру. «Трансказахстанская магистраль» АҚ құру. |
| **2006 ж. ақпан** | ISO сериясы 9001:2000 халықаралық стандарттарына сәйкес сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) бойынша компанияны сертификаттау. |
| **2006 ж. мамыр** | Үрімші қ. (ҚХР) өкілдік ашу. |
| **2006 ж. қазан** | «Трансказахстанская магистраль» АҚ атауын «Көліктік қызмет көрсету орталығы» АҚ деп өзгерту. «ККҚО» – көлік-экспедиторлық қызметтер көрсету және жалға жылжымалы құрамды ұсыну. |
| **2007 ж. қаңтар** | Мәскеу қ.( РФ) өкілдік ашу. |
| **2007 ж. қаңтар** | Ребрендинг нәтижесінде «Казжелдортранс» АҚ атауын «Қазтеміртранс» АҚ деп өзгертті. |
| **2007 ж. желтоқсан** | Сәйкесінше ISO 14001 және OHSAS 18001 халықаралық стандарттарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі мен кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау жүйесі бойынша сертификаттау. |
| **2008 ж. маусым** | «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ, «Атамекен» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы» ЗТБ өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар жасау. |
| **2008 ж. шілде** | Морской Порт Ақтау, Казмортрансфлот компанияларымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қою. |
| **2009 ж. қаңтар** | «Қазтеміртранс» АҚ, «Уральский завод «Зенит» АҚ, «Уральский литейно-механический завод» ӨК, «Западно-Казахстанская машиностроительная компания» АҚ, «Белес» құрылыс және машина жасау кәсіпорындары консорциумымен ҚР көліктік машина жасауды дамыту мәселелеріне арналған дөңгелек үстел шеңберінде Ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қою. |
| **2009 ж. наурыз** | «Қазтеміртранс» АҚ мен «ЗИКСТО» АҚ арасында тауарлар, қызметтер, жұмыстар сатып алудағы қазақстандық үлесті арттыру бойынша іс-шаралар шеңберінде Қазақстанда өндірілген 167 ашық вагон жеткізуге шарт жасалды. |
| **2009 ж. шілде** | «Қазтеміртранс» АҚ филиалы – «Жүк вагондарын пайдалану проблемаларын зерттеу орталығының» ашылуы. |
| **2009 ж. қыркүйек** | ISO 9001 сапа менеджменті, ISO 14001 экологиялық менеджмент және OHSAS 18001 кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау жүйесі халықаралық стандарттарына сәйкестігіне «Қазтеміртранс» АҚ он екі өңірлік филиалына сертификаттар тапсыру. |

## КОМПАНИЯНЫҢ МІНДЕТІ

Темір жол көлігімен жүк тасымалдау нарығының қажеттіліктерін сапалы қамтамасыз ету арқылы Қазақстан Республикасының көлік секторының тұрақты дамуына көмектесу.

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- Негізгі компанияның жүк вагон паркімен тасымалдауларды қамтамасыз ету
- Бөтен ұйымдарға жүк вагондарын жалға беру
- Вагондар паркін техникалық дұрыс күйінде ұстау
- Көліктік-экспедициялық қызмет көрсету
- Металл кесектерін жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату

## КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

| | |
|---|---|
| «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ | Ұзақ мерзімді құндылықтарды көбейту, бәсеке қабілеттілікті арттыру үшін ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың акциялар пакеттерін басқару |
| «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ | Қазақстан темір жол әкімшілігі<br>Магистральдық темір жол желісінің операторы<br>Темір жол көлігімен жүк тасымалдау |
| «Қазтеміртранс» АҚ | «ҚТЖ» ҰК» АҚ 100% еншілес компаниясы<br>Жүк вагондары инвентарьлық паркінің операторы |

| Еншілес және тәуелді ұйымдар | Өкілдіктер | 12 аймақтық филиал | Мамандандырылған филиалдар |
|---|---|---|---|

## ЕНШІЛЕС, ТӘУЕЛДІ КОМПАНИЯЛАР, ӨКІЛДІКТЕР

| Еншілес және тәуелді ұйымдар | |
|---|---|
| «Көлік қызмет орталығы» АҚ | - көлік-экспедициялық қызметтер<br>- жүк апарылатын бүкіл бағытқа тасымалдау құжаттарын рәсімдеу<br>- «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк тасымалдау өтінімдеріне келісу<br>- жүк тасымалдау тарифтерін есептеу және ұсыну<br>- жүк алып жүргені үшін төлемдерді, алымдарды рәсімдеу және қамтамасыз ету<br>- клиентке жүк бар жер туралы хабарлау<br>- жүк вагондарын жалға беру |
| «Росказжелдортранс» ЖШҚ | - көлік қызметтерінің халықаралық нарығындағы көлік-экспедициялық қызмет<br>- жүк вагондар жалы<br>- ақпараттық қызметтер көрсету<br>- темір жол көлігі мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерінің барлық түрлерін атқару |

| | |
|---|---|
| **Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V.** | - теміржол саласының инвестициялық бағдарламаларын игеру үшін ақша қаражатын тарту<br>- еурооблигациялар шығару арқылы ақша қаражат қарызы<br>- банктік қаржыландыру |
| **«Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС** | - Қазақстан Республикасында жүк вагондары өндірісін ұйымдастыру |

| Өкілдіктер | |
|---|---|
| **Қытай Халық Республикасы, Үрімші қ.**<br>**Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.** | - тауар нарықтарын зерттеу<br>- аймақтағы көлік қызметтері нарығын маркетингтік зерттеу<br>- серіктестер іздеу және кәсіпорындармен, жүк жіберушілермен, жүк алушылармен келіссөздер жүргізу<br>- «Қазтеміртранс» АҚ мүддесін таныту |



## КОМПАНИЯНЫҢ ФИЛИАЛДАР ЖЕЛІСІ

Компанияның аймақтық Филиалдары географиялық белгісі бойынша өндірістік-шаруашылық қызмет атқару үшін құрылған. Компания филиалдарының орналасқан жері «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ филиалдар дислокациясымен сәйкес келеді.




| Филиалдар | |
|---|---|
| 12 аймақтық филиал келесі қалаларда: Көкшетау, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Семей, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе, Орал, Атырау | • жөндеуге/жөндеуден вагондарды беру және жинау бойынша жұмыстар ұйымдастыру<br>• жүк вагондарын жалға беру<br>• жүк вагондарын жоспарлы жөндеу түрлерінің орындалуын бақылау |
| Вагон жөндеу деполары келесі станцияларда: Балқаш, Құсмұрын, Орал, Арыс | • жүк вагондарын жоспарлы жөндеу түрлерін атқару<br>• тораптарды, жүк вагондары құрылғыларын, 18-100 модельді арбаларды модернизациялау |
| «Вагон паркі орталығы» филиалы | • жұмыс ұйымдастыру және аймақтық филиалдардың қызметін жүйелеу<br>• жүк вагондарының жөнделуін бақылау<br>• жөндеу бойынша құжаттар қабылдау<br>• вагондарды жөндеу кезінде ауыстырылған тетіктер мен тораптардың техникалық нормаларға сәйкестігін бақылау және тексеру<br>• шығарылуға тиісті вагондардың құжаттамасына келісу<br>• жылытылған ТОР вагондар есебін жүргізу |
| «Жүк вагондарын пайдалану мәселелерін зерттеу орталығы» филиалы | • жүк вагондарын басқаруды ұйымдастыру<br>• вагон жөндеу базаларын дамыту<br>• нормативтік техникалық құжаттар әзірлеу<br>• тасымалдауларды қамтамасыз етуге, жүк вагондарының қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін мәселелерді талдау<br>• инновациялық қызмет |
| «Теміржолмет орталығы» филиалы | • қара және түсті металл кесектері мен қалдықтарын жинау, сақтау, дайындау, өңдеу және сату<br>• көлік-экспедиторлық қызмет<br>• металл кесектерімен жасалатын экспорт-импорт мәмілелері |
| «Ішкі әкімшілік орталығы» филиалы | • «ҚТТ» АҚ, филиалдарының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету<br>• инженерлік коммуникациялардың ақпараттық-есептеу кешенінің үздіксіз жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету<br>• ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету |

## «КӨЛІКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

«Көліктік қызмет көрсету орталығы» акционерлік қоғамы 2005 жылы құрылған («Қазтеміртранс» АҚ 100% еншілес кәсіпорны болып табылады).

«ҚҚКО» АҚ – меншікті жылжымалы құрамы бар, республикалық және халықаралық алмасуда көлік қызметтерінің алуан түрлерін көрсететін, соның ішінде меншікті вагондар паркімен операциялар жасау, «есіктен есікке дейін» схемасы бойынша экспедиторлық қызмет көрсету, аралас тасымалдау ұйымдастыру, тура жүретін қондырғылар ұсыну, жүк қозғалысына жылдам бақылау жасау, т.б. қызметтер атқаратын ең ірі көліктік-экспедиторлық компаниялардың-операторлардың бірі.

Компания құрылғанан бері көліктік-экспедициялық бизнесте дамып, түрлі жүк тасымалдарын жүзеге асыруға белсенді қатысты, 2009 жыл қорытындылары бойынша Қазақстандағы ең үздік жиырма экспедитор қатарына кірді.

2008–2009 ж. «ҚҚКО» АҚ 2007 жылға қатысты өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін арттырды: экспедициялау көлемдері 5,1 есеге, ал кірістері 18 есе артты.

2007–2008 жылдары астық таситын вагондардың жетпеуіне алып келген молшылық кезеңінде «ҚҚКО» АҚ Украинаның Донецк және Оңтүстік темір жолдарымен тиеуге бос вагондар қосалқы жіберу жөніндегі шарттар жасады, осылайша Украина порттары арқылы Қазақстан астығын тасымалдау жобасы жүзеге асырылды (90 мың тонна).

2008–2009 жылдары «ҚҚКО» АҚ Қазақстан-Қытай мұнай құбыры мен Түркімен газ құбырын салу үшін ҚХР 800 мыңнан астам тонна тасымалдау бойынша экспедитор болды.

Сондай-ақ 2009 жылы алғаш рет «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ компанияларының тобында «ҚҚКО» АҚ қаржы лизингі арқылы 30 жүк вагоны, соның ішінде 190 мұнай құятын цистерна және 150 хоппер-цемент тасымалдауыш сатып алынды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 қарашадағы № 1909 қаулысымен «ҚҚКО» АҚ Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзитпен Қазақстан астығын тасымалдау үшін экспорттаушыларға көлік шығындарын өтеуге 5 млрд теңге бөлінеді. Осылайша, «КҚҚО» АҚ 2009–2010 жылдар кезеңіндегі Азов, Қара және Балтық теңіздері бағытындағы Қазақстан астығын тасымалдайтын жалғыз оператор болып анықталған.

## ЖӨНЕЛТУ КӨЛЕМІНІҢ ҰЛҒАЮЫ




## КІРІСТЕР



## IT–ТЕХНОЛОГИЯЛАР

2009 жылы «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының 2009–2013 жылдарға бекітілген Ақпараттандыру стратегиясының шеңберінде Компанияны автоматтандыру жөніндегі екі жоба жүзеге асырыла бастады:

1. IP-телефония енгізіп, Компанияның корпоративтік деректер беру желісін дамыту.

2. Компанияның жүк вагондарының техникалық жайын басқаратын автоматтандырылған жүйе енгізу.

**Деректер берілетін корпоративтік желі** (1-кезек). Бірыңғай корпоративтік телекоммуникациялық кеңістікті ұйымдастыру мақсатында әрбір өңірлік филиалда деректерді жылдам беру үшін қажетті жабдық орнатылған.

**1. «MPLS технологиясын қолданып, IP–телефония ұйымдастырып, деректер берілетін корпоративтік желіні кеңейту»**

Жоба Қазақстан аумағында бүкіл «география» бойынша бірыңғай корпоративтік ақпараттық кеңістікті құруға мүмкіндік берді. Бұл орайда, уақыт өте келе Компанияның орталық аппараты мен оқшау бөлімшелерінің арасындағы Қазақстан ішіндегі телефон келіссөздерінде үнемге қол жеткізіледі.




**2. «Компанияның жүк вагондарының техникалық жайын басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу»**

Жоба Компания қызметкерлерін есепке алу нысандарымен кез келген әрекет мониторингін (қадағалау) жүргізу мүмкіндігімен жүк вагондарының динамикалық нөмірлік модельдері мен қымбат ауыстырмалы тетіктерін енгізуге мүмкіндік береді.

IT-жобаларының деректерін жүзеге асыру Компанияның бұдан былайғы ақпараттық дамуы үшін берік, заманауи ақпараттық негіз құруға мүмкіндік береді.










ҚАЗТЕМІРТРАНС

# Корпоративтік басқару



«Қазтеміртранс» АҚ корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, мөлдірлілік, кәсібилік, құзыреттілік негіздерінде құрылады. Корпоративтік басқару жүйесі барлық мүдделі тұлғалардың құқықтары мен мүддесін құрметтеуді болжайды, Компания үшін критикалық тәуекелдерді уақтылы анықтауға, оларды тиімді басқаруға мүмкіндік беріп, Компанияның табысты қызметіне, соның ішінде құндылығының өсуіне, қаржы тұрақтылығы мен пайда түсуіне көмектеседі. Тиімді корпоративтік басқармасы бар компания жоғары нарық бағасын алады, сондай-ақ шешім қабылдау процесін оңтайландырады.

«ҚТЖ» ҰК Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 7 хаттамасымен «Қазтеміртранс» АҚ Корпоративті басқару кодексін бекітті.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 24 қарашадағы шешімімен, № 7 хаттамамен «Қазтеміртранс» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі, сонымен қатар Корпоративтік басқару кодексін енгізу жөніндегі шаралар жоспары бекітілді.

Жоғары стандарттарды біртіндеп енгізу мақсатында Компания корпоративтік басқаруды жақсарту саясатын ұстануға ұмтылады.

## КОМПАНИЯДАҒЫ КОРПОРАТИВТІ БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау.
- Компания органдарын тиімді басқаруы.
- Компанияның дербес қызметі.
- Ақпарат мөлдірлігі мен объективтілігі.
- Заңдылық, жауаптылық және әдеп.
- Тиімді дивидендтік саясат.
- Тиімді кадрлық саясат.
- Қоршаған ортаны қорғау, т.б.

## КОМПАНИЯДАҒЫ КОРПОРАТИВТІ БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

- Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру;
- Компания, соның ішінде қаржы жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпараттың уақтылы ашылуын қамтамасыз ету;
- Есептілік, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау механизмдері жүйесін жетілдіру есебінен Компанияның тиімді қызметін арттыру;
- Басқару тиімділігін және Компанияның маңызды ресурсы ретінде қызметкерлерді дамытуды арттыру; әлеуметтік мәселелерді шешуде және еңбек шарттарын реттеуде Компания мен жұмыскерлерінің арасындағы әріптестік қатынасты дамыту;
- Мүдделі тұлғалармен белсенді ынтымақтасу, т.б.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Корпоративтік тәртіп тәжірибесі Директорлар кеңесінің Компания қызметін стратегиялық басқаруын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі Компания қызметінің басым бағыттарын, Компанияның стратегиялық даму бағытын анықтап, даму жоспарларын (орта мерзімдік бизнес-жоспарларды), Компания бюджеттерін бекітеді.

Компанияның Директорлар кеңесі үш мүшеден құралады, олардың бірі тәуелсіз директор болып табылады.

Компанияның тәуелсіз директоры түрлі мәселелер бойынша, соның ішінде қаржы және бухгалтерлік есеп, корпоративті басқару және салық салу мәселелері бойынша басқару және кеңес беру тәжірибесіне ие, сондай-ақ халықаралық нарықтарды жақсы біледі.

Өткен кезең ішінде Компанияның Директорлар кеңесі 20 отырыс өткізді, оның 19 қатысу тәртібінде, 1-уі сырттай өткізілді, оларда 63 мәселе қарастырылып, шешім қабылданды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің жанында 2 тұрақты комитет белсенді жұмыс істеді: Тағайындаулар жөніндегі комитет, Сыйақылар жөніндегі комитет.

Олардың қызметінің мақсаты – Директорлар кеңесі үшін Директорлар кеңесінің, Басқарманың құрамына, басқа да қызметтерге білікті мамандарды тарту жөнінде, сондай-ақ сыйақы мәселелері бойынша нұсқаулар әзірлеу.

Директорлар кеңесі мен Комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін, Компания мен жалғыз акционер арасындағы өзара әрекетті дәл анықтау, Компания қызметкерлерінің корпоративті басқару саласындағы заңнаманың сақталуы үшін Директорлар кеңесінің жанында **корпоративті хатшы** қызметі анықталған.

Барынша айқындылықты қамтамасыз ету және ашықтық деңгейін арттыру үшін Компания қызметі туралы ақпарат ашу бойынша жоғары міндеттемелер қабылдады, олар www.kazcargo.kz веб-сайтында, отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапқан.

## КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



## «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

**Кизатов Ермек Ануарбекович**
«ҚТ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму жөніндегі вице-президенті

**Лепесбаев Алмас Муратович**
«ҚТ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Экономика жөніндегі басқарушы директоры

**Мадиева Гульмайра Курмангалиевна**
«ҚТ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

**Барменкулова Айгуль Кулжабековна**
«ҚТ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор (5.06.09 ж. бастап 10.12.09 ж. дейін)

## «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ БАСҚАРМАСЫ



**Жайсанбаев Шагдарбек Накипбекович**
Басқарма төрағасы



**Ныгыметов Кайраткен Сагатович**
Өндіріс жөніндегі вице-президент



**Черкашин Денис Петрович**
Экономика және қаржы жөніндегі вице-президент

## «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ БАСҚАРМАСЫ



**Касенов Гайдар Кабдуллаевич**
Даму жөніндегі атқарушы директор



**Кайрешева Мира Владимировна**
Экономика және қаржы жөніндегі атқарушы директор



**Раимбеков Рустем Сайлауханович**
Атқарушы директор



**Мукашев Мекенбай**
Вагон паркін жөндеу жөніндегі атқарушы директор



**Умурзаков Ерлан Ерболатович**
Өндірісті қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы директор



**Узенбаев Мейрамалы Нускенович**
Бас бухгалтер



**Альмусин Дюсембай Токимович**
Вагон паркін пайдалану жөніндегі атқарушы директор



**Карибжанов Ергазы**
Бас инженер


Аккистау
Жанбай
Ганюшкино




ҚАЗТЕМІРТРАНС

# Тәуекелдерді басқару



## Тәуекелдерді басқару

Корпоративті тәуекелдерді тиімді басқару жүйесі Компанияның бизнесіне және беделіне, қызметкерлердің денсаулығына, сондай-ақ ықтимал акционерлер мен инвесторлардың мүліктік мүддесіне қауіп төндіретін тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру, бағалау, тоқтату немесе азайту арқылы Компанияның тұрақты, үздіксіз қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қажет.

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамында тәуекелдерді басқару «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының нұсқауларын орындау шеңберінде жүзеге асырылады, оларға сәйкес тәуекелдерді корпоративті басқару жүйесін енгізу, жетілдіру «Тәуекелдерді корпоративті басқару – «Интеграцияланған модель» (2004) COSO моделіне сәйкес жүзеге асырылуы керек.

2009 жылы Компанияда халықаралық тәжірибеде мойындалған қағидаттарға сәйкес тәуекелдерді басқару саласында заманауи әдістемелік база (модель COSO, 2004) енгізілді және Директорлар кеңесінің шешімімен тәуекелдерді корпоративті басқару саласында келесідей құжаттар бекітілді:

- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тұжырымдамасы
- Тәуекелдерді басқару саясаты
- Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелері
- Валюталық тәуекелді басқару ережелері
- Пайыздық тәуекелді басқару ережелері
- Өтімділікті жоғалту тәуекелін басқару ережелері
- Болған тәуекелдер мен шығындар бойынша тарихи деректер базасын енгізу ережелері
- Ішкі бақылау жүйесі туралы ереже

Негізгі тәуекелдерді басқару мақсатында атқарушы орган Компанияның тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасын қайта қарастырып, бекітті. Тәуекелдер картасының негізінде маңызды тәуекелдерге уақтылы мониторинг жүргізуді және Компания қызметіне тәуекелдердің әсер ету дәрежесін азайту мүмкіндігін қарастыратын тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді.

Компания тоқсан сайын (шоғырландырылған) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ АҚ бекіткен нысандар бойынша тәуекелдерді басқару жөніндегі басқару есептілігін ұсынып отырады.

- Валюталық тәуекел көлемі туралы есеп
- Пайыздық тәуекел жөніндегі есеп
- Активтер мен міндеттемелердің уақытша құрылымы туралы есеп
- Банк-контрагенттердің қолданыстағы шартты міндеттемелері жөніндегі есеп
- Өндірістік жарақат жөніндегі есеп
- Табиғатты қорғау қызметін атқару жөніндегі есеп
- Аудиттелген және жеке қаржылық есептілік

Жалпы алғанда, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу және жетілдіру кезеңі бойы Компания табиғатты қорғау және экологиялық сипаттағы тәуекелдерді төмендету, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Компанияның өндірістік қызметінде еңбек шарттары мен қорғауды жақсарту бойынша бірқатар кешенді іс-шаралар әзірлеген және бақылауда.


34
35
36
37
444-023


Калиновка
Караой
Сарбис
Шубаршы
Жарлы
Ногайты




ҚАЗТЕМІРТРАНС

## Негізгі өндірістік көрсеткіштер



## ЖҮК ВАГОНДАРЫ ПАРКІМЕН ТАСЫМАЛДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Компанияның жүк вагондар паркінің негізгі жұмыс көлеміне «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк тасымалдауын қамтамасыз ету жатады және 95% құрайды. Қалған 5% бөтен ұйымдарға вагондарды жалға беруге, бағыттар бойынша жүктерді меншікті тасымалдауын қамтамасыз етуге келеді.




тәулігіне мың вагон

| Көрсеткіш атауы | 2008 жыл | 2009 жыл |
|---|---|---|
| «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк вагон паркімен тасымалдауды қамтамасыз ету | 15 419 | 14 928 |
| Бөтен ұйымдарға вагондарды жалға беру | 846 | 671 |
| Жалпы | 16 265 | 15 599 |

2009 жылы тәулігіне жалпы вагон көлемі 15 599 мың тәулігіне вагон құрады, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 4% төмендеді.

## ВАГОНДАР ПАРКІН ТЕХНИКАЛЫҚ ДҰРЫС ЖҰМЫС КҮЙІНДЕ ҰСТАУ

Негізгі функциясын – жүк вагондарымен тасымалдауларды қамтамасыз ету мақсатында Компания жүк вагондарының инвентарлық паркін техникалық дұрыс жұмыс күйінде ұстау бойынша жұмыс жүргізеді, жылдық жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

## 2009 ЖЫЛҒЫ ІС ЖҮЗІНДЕ ОРЫНДАЛҒАН ЖҮК ВАГОНДАРЫН ЖОСПАРЛЫ ЖӨНДЕУ ТҮРЛЕРІ

Деполық (ДЖ) – 19 217 вагон.

Күрделі (КЖ) – 989 вагон, соның ішінде 494 бірлік «ұзақ жай» қатарына жатады.

## ЖҮК ВАГОНДАР ПАРКІН ЖАҢАРТУ

**1. Жаңа вагондар сатып алу**

Компания қызмет атқарып келе жатқан 2004 жылдан 2009 жылға дейін 8320 вагон (бірлік) сатып алынды:

- жабық – 874
- ашық вагон – 6 663
- фитингтік платформа – 600
- контрейлер – 50
- цистерна – 133



Жүк вагондары паркі «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2008 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен (№ 12 хаттама) бекітілген Қоғамның шоғырландырылған инвестициялық бюджетіне сәйкес жаңартылды.

Жүк вагондары паркін жаңарту жобаларын жүзеге асыру Директорлар кеңесімен бекітілген (2008 жылғы 26 ақпандағы № 01 хаттама) және Қазақстан Республикасының Үкіметімен мақұлданған (2008 жылғы 29 қаңтардағы № 2 хаттама) «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының Инвестициялық бағдарламасына қатаң сәйкес түрде жүргізіледі.




**2. Пайдалы қолдану мерзімін ұзартып, күрделі жөндеу**

Соңғы жылдары бар күш пен қаржы салымдары пайдалы қолдану мерзімін ұзартып, вагондарды күрделі жөндеуге жұмсалуда (ҰКЖ). 2009 жылы 2008 жылмен салыстырғанда көрсеткіш өсімі 11,2% құрады.

| 2009 ж. | 2004–2009 ж. |
|---|---|
| 1 338 вагонның қызмет мерзімі ұзартылды | 4 785 жүк вагон қалпына келтірілді |
| жабық – 242<br>платформа – 366<br>ашық вагон – 730 | жабық – 242<br>платформа – 1 167<br>ашық вагон – 3 341<br>цистерна – 35 |

**3. Вагондарды шығару**

2008–2009 жылдары Компанияның инвентарлық паркінен 3 866 бірлік жүк вагоны, соның ішінде 2008 жылы – 3 840, 2009 жылы – 26 бірлік шығарылды. Шығару қызмет мерзімінің аяқталуына байланысты, сондай-ақ техникалық күйіне қарай, өзара алмасу бойынша, үш соңғы есепке алу бойынша бөтен тараптардың меншігіне беру есебінен болды.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМЫТУ

2009 жылы Компанияда 2009–2013 жылдарға арналған Инновациялық даму бағдарламасы әзірленді, оның шеңберінде жүк вагондарын, тораптары мен тетіктерін жөндеу мен жаңартудың жаңа ресурс жинақтаушы технологияларын іздеуді және енгізуді, сондай-ақ жөндеу процестерін автоматтандыруды болжанады.

2010 жылдан 2010 жылға дейін қызмет мерзімін ұзартып, жоспарлы жөндеу, күрделі жөндеу түрлері кезінде жүк вагондарын жаңартудың бағытталған экономикалық әсері есептелген.

| | ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ВАГОНДАР 2007 ЖЫЛҒА ДЕЙІН | ӨТПЕЛІ МОДЕЛЬДЕР 2007–2012 ЖЫЛҒА ДЕЙІН | ЖАҢА БУЫН ВАГОНДАРЫ 2007 ЖЫЛДАН БАСТАП |
|---|---|---|---|
| АШЫҚ ВАГОНДАР | Осьтік жүктемесі – 23 тс<br>Габариті – Т0<br> | 1. Жаңғыртылған тораптары бар вагондарды жөндеу мен сатып алудың жоспарлы түрлерінде вагондардың кешенді жаңғыртылған | Осьтік жүктеме 25 - 30 тс<br>Габариті- Тпр<br> |
| ПЛАТФОРМАЛАР | Жүк көтергіштігі - 60 т<br> | | Жүк көтергіштігі – 106 т және одан көп<br> |
| ЖАБЫҚ | Көлемі – 138 м3<br> | 2. Жүк вагондары паркінің (КРП) қызмет мерзімін ұзарту<br>жарты вагондар – 11 жылға<br>жабық вагондар, платформалар, цистерналар } 15 жылға | Көлемі – 158 м3<br> |
| ЦИСТЕРНАЛАР | Жүк көтергіштігі - 62 т<br> | | Жүк көтергіштігі – от 72 до 80 т<br> |
| АРБАЛАР | Межрем. жол – 100 мың км 18-100<br> | | Межрем. жол – 1 млн км 18-191-1<br> |

| Вагон тораптарының атауы | Техникалық әсер | Экономикалық әсер (шамамен 2020 ж.) |
|---|---|---|
| Тез ескіртпейтін элементтері бар жүк вагондары арбаларының модернизациясы | Межрем. жолдың 6,25 есе, яғни 1 млн км дейін артуы. Арбалардың ақаулары бойынша ТОР жүк вагондарын тіркеуден ажырату санын қысқарту | Бір вагонға шығындарды азайту – 730 мың теңге |
| Автотормоз жабдықтарының модернизациясы | Жөндеу аралық мерзімін 4 есе ұлғайту. Тежегіш жабдықтың ақаулары бойынша ТОР жүк вагондарын тіркеуден ажырату санын қысқарту | Бір вагонға шығындарды азайту – 80 мың теңге |
| Дөңгелек жұптарын модернизациялау | Доңғалақ жұптарының ресурсын 1,5 есе ұлғайту. Доңғалақ жұптарының ақаулары бойынша ТОР жүк вагондарын тіркеуден ажырату санын 6 есе қысқарту | Бір вагонға шығындарды азайту – 350 мың теңге |
